



UNIVERSITY OF CAMBRIDGE INTERNATIONAL EXAMINATIONS
International General Certificate of Secondary Education

KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE

0532/02

Paper 2 Listening

For Examination from 2011

SPECIMEN TAPE SCRIPT

Approx. 35–45 minutes

This document consists of **6** printed pages.



R: 1-ші тапсырма, 1–6-ға дейінгі сұрақтар

Сұхбаттарды тыңдап, төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз. Әр сұхбатты екі рет тыңдайсыз.

R: 1-ші сұрақ.

Айбек сенбі күні кешке болатын футбол ойынына неге қатыспайды?

F: *Сәлем, Айбек! Мынау сенбі күні футбол ойнайтын топтар тізімі.

M: Қап, әттеген-ай, мен ойнай алмаймын. Мен біздің колледждің жүзу жарысына қатысамын.**

Pause 00'10"

*Repeat from * to **.*

Pause 00'05"

R: 2-ші сұрақ.

Арман асханада не ішуді қалады?

F: *Анау күріштен жасалған тағам өте дәмді көрінеді? Арман сен не жеп, не ішесің?

M: Сол күріштен жасалған тағамды және бір шыны қара шай. Жоқ, көк шай. Жоқ, бір стакан шырын алайыншы.**

Pause 00'10"

*Repeat from * to **.*

Pause 00'05"

R: 3-ші сұрақ.

Назгүл самса алуға келді. Қандай самса сатып алды?

F: *Сәлеметсіз бе? Мен самса алмақшы едім.

M: Қандай самса алғыңыз келеді? Бізде тауықтың, қойдың, сиырдың етінен жасалған және ірімшік, картоп қосылған самса бар.

F: Тауық және картоп қосылғанын беріңізші.

M: Мінекей, алыңыз. Ас болсын!**

Pause 00'10"

*Repeat from * to **.*

Pause 00'05"

R: 4-ші сұрақ.

Нұржан мен әжесі серуендеуге қашан шықпақшы болды?

M: *Сағат 11 болыпты. Бүгін серуендеуге шықпаймыз ба?

F: Газеттерде ауа райы бұзылады дейді. Түстен кейін жаңбыр жауып, тұман түседі екен. Жаңбырдың астында қалмау үшін, дайындалып, 15 минуттан кейін шығайық.**

Pause 00'10"

*Repeat from * to **.*

Pause 00'05"

R: 5-ші сұрақ.

Әнуар мен Алуаның тоқтап тамақ ішетін жақын арадағы аялдамасына қанша шақырым қалды?

F: * Әнуар, бір жерге тоқтап, тамақ ішейікші, қарным ашып кетті.

M: Жарайды, Алуа, бірақ автотрассада тоқтауға болмайды. Келесі қызмет аялдамасына тоқтайық.

F: Мақұл. Ана жерде бір белгі тұр. Қызмет аялдамалары: Оңтүстікке қарай 48 шақырым, солтүстікке қарай 12 шақырым. Аз қалыпты, жақындадық.**

Pause 00'10"

*Repeat from * to **.*

Pause 00'05"

R: 6-шы сұрақ.

Ахмет кітапханаға қалай барады?

M: * Ғафу етіңіз, кітапханаға қалай баруға болады? Маған айтқаны Абай көшесінен солға бұрылғанда, Мемлекеттік Университет ғимаратынан кейінгі екінші үй.

F: Жоқ, былай барған тезірек болады. Мына көшеден оңға бұрыласыз, сол жерде «кітапхана» деген белгіні көресіз.

M: Рахмет.**

Pause 00'10"

*Repeat from * to **.*

Pause 00'05"

R: Біраздан кейін 2-ші тапсырманы тыңдайсыз. Қазір сол тапсырманың сұрақтарына назар аударыңыз.

Pause 00'40"

R 2-ші тапсырма, 7-ші сұрақ

Жаһандық жылыну Антарктикаға қандай зиян әкелетіні туралы сұхбатты тыңдап, берілген бос орындарды қажетті сөздермен толтырыңыз. Бұл сұхбатты екі рет тыңдайсыз.

M: *Сәлеметсіз бе? Бүгін біз жаһандық жылыну Антарктикаға қандай зиян әкелетінін талқылаймыз. Антарктика - шетсіз және мұз бен қар толған Оңтүстік жиектегі жер. Ол жерге экспедициялар және ғылыми зерттеушілер жиі баратынын естиміз. Егер дүние жылына берсе, Антарктиканың беті өзгеру қатері бар. Кәмшат Үсен қызы, қоршаған ортаны қорғау маманы, бүгін студиямызда қонақта. Кәмшат ханым, шынымен жағдай осындай жаман ба?

- F:** Иә, ол солай. Жүз жылдан кейін Антарктика адам танымайтындай өзгереді.
- M:** Қалайша?
- F:** Мен үш мысал келтірейін. Мұз еріп, басқа құрылық пайда болады. Салқын ауа райын іздеп пингвиндер оңтүстікке мекен ауыстырады және Антарктиканың тастарында жасыл өсімдіктер есе бастайды.
- M:** Олай болса, енді оны мұз бен қардың жері деп атауға болмайды ғой.
- F:** Әрине. Дүние жүзінің үш жері жылыну құбылысына өте жылдам душар болып тұр. Сол жердің біреуі – Антарктика. Климат өзгеруде, бірақ жылыну құбылысы өте тез болып жатқандықтан, табиғатқа үлкен зиян келеді.
- M:** Теңіз де жылына ма?
- F:** Иә, оңтүстік мұхит жылынады. Антарктикада мұз азаяды және мұз тастар құлай бастайды. Сіз білесіз бе, зерттеушілер қазірдің өзінде жасыл өсімдіктердің бес-он есе көбейгенін хабарлайды.
- M:** Бұл мәселе жануарларға қалай әсер етеді?
- F:** Мен пингвиндерді айтып кеттім, сондай-ақ ит балықтар мен киттер де балаларын өсіретін жерлерін өзгертеді.
- M:** Пингвиндер мекенін неге ауыстырады?
- F:** Жылы ауа көп қар жауғызады. Пингвиндер терең қарда ұяларын жасай алмайды. Пингвиндер ұрпағын өсіретін жерді өте ұқыпты таңдайды. Тамақтану үшін пингвиндер мұздың шетінде өмір сүруі керек, мұздың құрылысы оларға тамақтануға да, кішкене ұрпақтарын өсіруге де маңызды.
- M:** Дүние жүзінің жылынуы адам баласының ісі ме?
- F:** Бір жағынан біз ауа райының жылынуына себепшіміз. Оңтүстік мұхитты жауапсыз қолданып, зақым келтіріп жатырмыз.
- M:** Ол жерде балық ауланатынын айтып отырсыз ба?
- F:** Иә, ол жерде екі жүз жыл бойы кит және балық аулаушылар торуылдап жүр, енді міне оларға туристер қосылып жатыр.
- M:** Туристер?
- F:** Иә, былтыр он үш жарым мың турист ол жерге барып табиғатқа зиян келтірді.
- M:** Сонда біздің тыңдаушыларымыз Антарктика мәселесіне қандай көмек көрсете алады?
- F:** Ол жерден қашық тұрса да, Антарктиканың жағдайын интернет арқылы зерттеп, әлемге жария ету қажет. **

Pause 00'50"

R: Бұл сұхбатты тағы бір рет тыңдайсыз.

Repeat from * to **.

Pause 00'50"

R: Біраздан кейін 3-ші тапсырманы тыңдайсыз. Қазір сол тапсырманың сұрақтарына назар аударыңыз.

Pause 00'50"

R: 3-ші тапсырма, 8-13-ке дейінгі сұрақтар

Томирис Мәжит қызының әңгімесін тыңдап, берілген сөйлемдердің қайсысы дұрыс, қайсысы қате екенін берілген шаршыларда белгілеңіз. Әңгімені екі рет тыңдайсыз.

F:

*Мен Томирис Мәжит қызы – қазақ эстрадасының әншісімін. Мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай қаласында туып өскенмін, орта мектепте орысша оқыдым. 1987-1989-шы жылдары Алматыда Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк училищесін бітірдім.

Ұстазым сол кезде қазақ эстрадасының көрнекті өкілдерінің бірі, Қазақстанның Еңбек сіңірген әншісі Люция Төлешова болды. Люция Төлешова бізге өнердің негізін үйретумен бірге, ел алдында өзін қалай ұстауды, киімді қалай таңдауды, өнер атты үлкен әлемнің ішкі жағдайында өзіңді жоғалтып алмай, өнеріңді де төмендетпей қалай қызмет етуді үйретті.

Студияны бітіргеннен кейін жастардың республикалық «Жігер» фестиваліне қатысып лауреат атандым. Жолдамамен «Гүлдер» ансамбліне жұмысқа орналастым. Ол кезде іріктеу өте қатал болатын.

Алматы облыстық филармониясында, «Сазген» ансамблінде жұмыс істеген кездерімде менің эстрада студиясында оқығаным, «Гүлдер» ансамблінде істеген жылдарда алған тәжірибемнің көп көмегі тиді. Тіпті қазіргі нарық кезеңінде де сол көмекті көріп келемін. Ол кезде шын мәнінде әуелі жұмыс істелінетін. Әнші сазгермен, оркестрмен бірігіп жұмыс істейтін. Келіспейтін жерлер болса сол дайындық жұмыс кезінде анықталатын.

Үлкен сахнаға шыққаным 15 жыл болды. Өнер адамына қай кезде де көрерменнің қолдауы керек. Ол үшін көрермендерге өзіңді көрсететін жағдайың болу керек. Қазір бәрі қаржыға тіреледі.

Қазір оркестрмен жұмыс жасау үшін сағатына пәленбай мың теңге төлеуің керек, Симфониялық оркестрде 20-30 адам болады, соның әрқайсысымен келісуің керек.

Ондай қаржы кез-келген әншіде жоқ. Сондықтан одан-бұдан құрап, бір-екі клип түсіріп алсаң, соны жұрт қабылдаса ғана таныласың. Мен бірінші рет 1994 жылы сахнаға амалсыздан фонограммамен шықтым. Себебі бұрынғы жағдай жоқ, костюмің, репертуарың деп отырған мекемелердің бәрі өзді-өзі болып кетті. Не бірдеңе етіп әрекет ету, не сахнаны қойып үйде отыру керек болды. Нарыққа қарай тырбынып көрдік.**

Pause 00'30"

R: Қазір әңгімені тағы бір рет тыңдайсыз.

Repeat from * to **.

Pause 00'30"

R: Біраздан кейін 4-ші тапсырманы тыңдайсыз. Қазір сұрақтарға назар аударыңыз.

Pause 1 minute

R: 4-ші тапсырма, 14-23-ке дейінгі сұрақтар

Уолт Дисней туралы әңгімені тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз. Әңгімені екі рет тыңдайсыз.

F:

*Әлемге әйгілі Микки Маус пен кішкене үйрек Дональдты ойлап тапқан суреткер Уолт Дисней екенін білмейтін адам кемде-кем. Дисней жеке киностудия ашып, көптеген мультфильмдер жасап және «Диснейленд» деген балаларға арналған қызыққа толы ойын паркін ойлап тапқан. Оның қойған мультфильмдері 26 рет «Оскар» сыйлығына ие болған. Алғаш рет дыбысты, әрі түрлі-түсті фильмді ойлап табуда да Диснейдің үлесі бар. Тіпті ол тұнғыш рет кең форматты анимациялық фильмді де түсірген. Оның шығармашылық дарынының аса кемел болғандығынан шығар, есімі Аристотельмен, Моцартпен, Леонардо да Винчимен қатар аталады.

Кішкентай Уолт өте кедей, көп балалы жанұяда өсіпті. Кедейлік тауқыметін тартқаны соншалықты, әкелері қатты ауырғанда, балалары да біз де ауырсақ қой деп армандаған. Балалық-ай десеңші, сондағы арманы бір жұтым апельсин шырынын ішу.

Уолт сегіз жасынан бастап жұмысқа араласқан. Иелеріне уақытында жеткізу үшін таңғы сағат төрттен поштадан газет тасыды. Олар Канзас-Сити деген қалашықта тұрыпты. Үлкен қоршаумен қоршалған, баққа оранған, фонтаны бар бір байдың әдемі үйіне балалардың бәрі қызыға қарайды екен. Уолт та сол үйге қатты қызығып, ішіне кіріп, көзінің қиығымен бір көруді армандап, тіпті шарбаққа талай рет шығып, жолы болмапты. Ол: «Есейгенде баққа оранған осындай үлкен үй саламын, балалар ойнайтын бақ болады» деп өзіне серт беріпті. Сол арманының орындалғанын бәріміз білеміз. Ол 22 жасында Голливудты бағындыруды мақсат етеді. Ол көп ойларын, қиялға толы идеяларын көптеген студияларға айтып көреді, бірақ оған «келе ғой» деп ешкім құшағын аша қоймайды. Содан ол алғашқы студиясын туысының автотұрағында «ақшасын кейін беремін» деп бастаған.

Оның ең алғашқы туындысы – «Ақшақар қыз бен жеті гном» - ойламаған жерден Венецияда өткен кинофестивальда бас жүлдені жеңіп алып, оның бағы ашылған.

Дисней жан-жануарларды салғанды ұнатып, олардың мінездерін де айнытпай суретпен көрсеткен. Әрбір бала мультфильмнен өзін көріп отырғандай болады.

Фильміне музыканы да, дыбысты да өзі таңдаған. Ол атақты Микки Маус тышқанын ойлап тауып, кейіпкерін өз даусымен сөйлетіп, бүкіл дүние жүзінің балаларына сыйлаған. Кейде ол Микки Маусқа «оны жұрттың бәрі біледі, ал мені көп ел білмейді» деп өкпелейді екен.

Диснейдің бұл дүниеден өткеніне 20 жылдан асса да, оның студиясы әлі жұмыс істеуде. Оның орындалмаған армандарын жүзеге асыруда. Оның соңында қалған арман-ойлары әлі таусылар емес.**

Pause 1 minute

R: Қазір әңгімені тағы бір рет тыңдайсыз.

Repeat from * to **.

Pause 1 minute

R: Бұл тесттің соңы. Жазуды тоқтатыңыз.